

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА АКАДЕМИЯСЫ

АНЫҚТАМАЛЫҚ ЖОЛСІЛТЕМЕ



БІЛІМ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ:

- 6B10101-«ЖАЛПЫ МЕДИЦИНА»
- 6B10102-«ПЕДИАТРИЯ»
- 6B10103-«СТОМАТОЛОГИЯ»
- 6B10104-«МЕЙІРГЕР ICI»
- 6B10105-«ҚОҒАМДЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ»
- 6B10106-«ФАРМАЦИЯ»
- 6B07201-«ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ Өндіріс ТЕХНОЛОГИЯСЫ»

Шымкент

Мазмұны

1. Миссия	3
2. Жоғары оқу орны туралы ақпарат	3
3. Ректорат	3
4. Құрылымдық бөлімдер туралы қысқаша ақпарат.....	4
5. Глоссарий.	5
6. Жоғары оқу орнында оқу үдерісінің ұйымдастырылуы жөніндегі мәлімет	6
7. Жоғары оқу орны ішіндегі тәртіп туралы жалпы мәлімет, білім алушылардың құқықтары мен міндеттері.....	7
8. Студенттерді оқу пәндеріне тіркеу тәртіппері	8
9. Білім алушыларды бағалау және ағылшын тілінде бағылауларды ұйымдастыру тәртібі	8
10. Студенттерді ауыстыру, қайта қабылдау және оқудан шығару тәртібі жөніндегі мәліметтер	12
11. Студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру жөніндегі мәлімет	12
12. Жоғары оқу орнындағы материалдық және ақпаратты қорды пайдалану ережесі.....	14
13. Көрсетілетін ақылдық қызметтің тізімі мен тәртібі.....	15
14. Стипендия тағайындау тәртібі	15
15. Студенттің ар кодексі.....	16
16. ОҚМА-да білім алушылардың арыз шағымдары мен қарсылықтарын қарастыру тәртібі	16

МИССИЯ

Бәсекеге қабілетті кадрларды даярлау саласында көшбасшы болу!

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы бүгінгі таңда фармация және медицина саласындағы мамандарды дайындастын жетекші жоғары оқу орны болып табылады. Мамандарды дайындау бакалавриат, интернатура, магистратура, докторантура, резиденттура деңгейінде жүргізіледі. Академия жанындағы медицина коллежінде фармация және медицина білім бағдарламалары бойынша техникалық және кесіптік білімді, орта білімнен кейінгі мамандар дайындалады. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім деңсаулық сақтау және фармация саласы қызметкерлерінің біліктілігін жоғарылату және қайта дайындау бағдарламалары бойынша ұздіксіз кесіптік білім беру факультетінде жүзеге асырылады.

РЕКТОРАТ

ОҚМА ректоры, медицина ғылымдарының докторы, профессор
РЫСБЕКОВ МЫРЗАБЕК МЫРЗАШЕВИЧ

ОҚМА бірінші проректоры,
медицина ғылымдарының кандидаты, профессор
ЕСИРКЕПОВ МАРЛЕН МАХМУДОВИЧ

ОҚМА оқу-әдістемелік және тәрбие жұмыстары бойынша проректоры,
медицина ғылымдарының докторы, доцент
АНАРТАЕВА МАРИЯ УЛАСБЕКОВНА

ОҚМА қаржы және шаруашылық қызметі жөніндегі проректоры
СЕЙТЖАНОВА ЖАННА СЕРИКЖАНОВНА

ОҚМА оқу-әдістемелік орталығының басшысы, медицина ғылымдарының кандидаты, доцент
ДОЛТАЕВА БИБИГУЛ ЗАЙДУЛЛАЕВНА

ОҚМА әлеуметтік сұрақтар бойынша және жастар саясаты басқармасының басшысы,
филология ғылымдарының магистрі
СӘЛІМ ЕРБОЛ ҚАЛТҰРСЫНҰЛЫ

ОҚМА Комплаенс офицері
ПЕРНЕБАЕВ НУРГАЛИ АЛИХАНОВИЧ

ОҚМА фармация факультетінің деканы, фармация ғылымдарының кандидаты, доцент
УМУРЗАХОВА ГАЛИЯ ЖАНБУРБАЕВНА

ОҚМА медицина факультетінің деканы
САГТАГАНОВ ЖАКСЫБЕК ИЛЕСБЕКОВИЧ

ОҚМА халықаралық факультетінің деканы
ТӨЛБАСИЕВА АРАЙЛЫМ АЙБАТИЛЛАҚЫЗЫ

ОҚМА тіркеу оғисінің басшысы, фармация ғылымдарының кандидаты
СЫЗДЫКОВА САУЛЕТ АКМУРЗАЕВНА

ОҚМА компьютерлік-тестілеу және баспа орталығының басшысы
ҮКСИКБАЕВ МАКСАТ ТУРАРОВИЧ

ОҚМА кітапханалық-ақпараттық орталығының басшысы
ДАРБИЧЕВА РАУШАН ИСКАКОВНА

КАФЕДРАЛАР

№	Кафедра атаяу	Т.А.Ә.	Ғылыми дәрежесі, атағы
1.	Хирургия – 2 кафедрасы	Абдурахманов Бабур Анварович	Мед.ф.к., доцент
2.	Хирургия – 1 кафедрасы	Жумагулов Копжан Нурбабаевич	Мед.ф.к.
3.	Ішкі аурулар пропедевтикасы кафедрасы	Ахаева Лаура Жаксылыковна	
4.	Отбасылық медицина кафедрасы	Қауызбай Жұмалы Әріпбайұлы	Мед.ф.к., доцент
5.	Терапия және кардиология кафедрасы	Асанова Галия Кутымбетовна	Мед.ф.к.
6.	Фтизиопульмонология және радиология кафедрасы	Касаева Ляззат Татибековна	Мед.ф.к.
7.	Жалпы тәжірибелік дәрігер – 1 кафедрасы	Даткаева Гульмира Маханбетовна	Мед.ф.к.
8.	Жалпы тәжірибелік дәрігер – 2 кафедрасы	Досыбаева Гульжан Нурбековна	Мед.ф.д., доцент
9.	Педиатрия – 1 кафедрасы	Кемельбеков Канатжан Сауханбекович	Философия докторы (PhD)
10.	Педиатрия – 2 кафедрасы	Бектенова Гульмира Ерсейтовна	Мед.ф.к., доцент
11.	Жұқпалы аурулар және дерматовенерология кафедрасы	Абуова Гульжан Наркеновна	Мед.ф.к., профессор
12.	Акушерлік және гинекология кафедрасы	Кулбаева Салтанат Налибекқызы	Философия докторы (PhD), асс.профессор
13.	Жедел медициналық көмек және мейірлер ісі кафедрасы	Сейдахметова Айзат Ашимхановна	Мед.ф.к.
14.	Микробиология, вирусология және иммунология кафедрасы	Сейтханова Бибігүл Төлегенқызы	Мед.ф.к., доцент
15.	Биология және биохими	Есиркепов Марлен Махмудович	Мед.ф.к., профессор
16.	Химиялық пәндер кафедрасы	Дауренбеков Канат Нарбекович	Хим.ф.к., доцент
17.	Фармакогнозия кафедрасы	Орынбасарова Кульпан Кенжебаевна	Фарм.ф.к., доцент
18.	Неврология, психиатрия, реабилитология және нейрохирургия кафедрасы	Жаркинбекова Назира Асановна	Мед.ф.к., доцент
19.	Қазақ, орыс және латын тілдері кафедрасы	Ибраева Ляззат Бостановна	Филолог.ф.к.
20.	Шет тілдері кафедрасы	Жумагулова Гульшат Копжановна	Филолог.ф.к.
21.	Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы	Аширов Шадияр Алдиярович	Тарих ф.к.
22.	Қазақстан тарихы және әлеуметтік- қоғамдық пәндер кафедрасы	Нуржанбаева Жаннат Оралбайқызы	Философия докторы (PhD)
23.	Медбиофизика және ақпараттық технологиялар кафедрасы	Иванова Марина Борисовна	Физ.мат.ф.к., Асс.профессор
24.	Қалыпты анатомия кафедрасы	Танабаев Баймахан Дильбарханович	Мед.ф.к., доцент
25.	Патологиялық анатомия және гистология кафедрасы	Садыкова Алия Шамилевна	Мед.ф.д., доцент
26.	Қалыпты және патологиялық физиология кафедрасы	Жакипбекова Галия Сапаровна	Биолог.ф.к., доцент
27.	Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	Токсанбаева Жанат Садебековна	Фарм.ф.к., доцент
28.	Фармацевтикалық және токсикологиялық химия кафедрасы	Ордабаева Сауле Кутымовна	Фарм.ф.д., профессор
29.	Фармация ісін үйімдастыру және басқару кафедрасы	Шертаева Клара Джолбарисовна	Фарм.ф.д., профессор
30.	Дәрілер технологиясы кафедрасы	Сагиндыкова Баян	Фарм.ф.д., профессор

		Ахметовна	
31.	Фармацевтикалық өндіріс технологиясы кафедрасы	Арыстанбаев Куттыбек Есенгельдиевич	Техн.ф.к., асс. профессор
32.	Инженерлік пәндер кафедрасы	Орымбетова Гулбаги Эмитовна	Техн.ф.к.
33.	Гигиена және эпидемиология кафедрасы	Утепов Пархад Дусембаевавич	Мед.ф.к.
34.	Өлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық кафедрасы	Сарсенбаева Гульзат Жанабаевна	Мед.ф.к.
35.	Хирургиялық және ортопедиялық стоматологиясы кафедрасы	Шукпаров Асылбек Баядилович	Мед.ф.к.
36.	Терапиялық және балалар стоматологиясы кафедрасы	Кенбаева Лаура Омархановна	Мед.ф.к.
37.	Клиникаға кіріспе кафедрасы	Жумадилова Акмарал Рахматуллаевна	Философия докторы (PhD)
38.	Дене шынықтыру кафедрасы	Аширбаев Орынбасар Атырханович	Педагогика ф.магистрі
39.	Әскери кафедрасы	Касымбеков Асан Булегенович	-

ГЛОССАРИЙ

Оқытудың кредиттік технологиясы – оқытушы мен білім алушының оқу жұмыстар көлемінің өлшем бірлігі ретінде кредитті пайдаланып, білім алушының пәндерді менгеру ретін тандауы немесе өз бетінше жоспарлау негізінде білім алуы. Оқытудың кредиттік технологиясы жинақтаушы сипатқа ие, яғни, білім алудың барлық деңгейінде ертеректе алынған кредиттердің өсу есебі негізінде жүреді.

Негізгі түсніктер мен анықтамалар:

1) Академиялық құнтізбе - оқу жылы барысында демалыс құндарі көрсетілген білім алу мен бақылау шараларының, іс тәжірибесін өткізуудың құнтізбесі.

2) Академиялық кезең - білім беру үйімі тарарапынан таңдалып, үш форманың бірінде жүргізілетін теориялық білім беру кезеңі. Олар: семестр, триместр, квартал.

3) Білім алушының академиялық рейтингі - қорытынды аттестация нәтижелерінде көрініс табатын білім алушының бағдарламадағы материалды менгеру деңгейінің сандық көрсеткіші.

4) Академиялық дәреже - білім алушының қорытынды аттестация нәтижелері бойынша білім беру үйімі тарарапынан берілетін білім берудегі қажетті оқу бағдарламаларын менгеру дәрежесі.

5) Академиялық сағат – дәріс пен практикалық сабакта 1 контакт сағатқа (50 минут) тен, зертханалық сабактар мен дене тәрбиесінің 2 контакт (100 минут) сағатына, сонымен қатар барлық оқу іс тәжірибелерінде 1 контакт сағатқа (50 минут), барлық өндірістік іс тәжірибесінде 5 контакт сағатқа (250 минут) тен.

6) Оқу пәніне жазылу - білім беру үйімі қарастырған тәртіп негізінде білім алушылардың алдын ала оқу пәндеріне жазылу ресімі.

7) Білім алушының қорытынды аттестациясы - білім алушылардың білім беру деңгейіне сәйкес мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында қарастырылған оқу пәндерінің көлемін менгеру дәрежесін анықтау мақсатында өткізілетін шара.

8) Білім алушының аралық аттестациясы - білім алушының бір пәнди оқып аяқтаған кезде сол пәннің бір белгін немесе барлық көлемін менгеру дәрежесін анықтау мақсатында жүргізілетін шара; аралық аттестация білім алушының білімін модульдік-рейтингтік тексеру барысында және емтихан алу түрінде жүзеге асады. Емтихан жазбаша, тестілеу, ауызша, араласа түрде жүреді.

9) Кредит – оқытушы мен білім алушының оқу жұмысы көлемін өлшейтін бірыңғай бірлік. Бір кредит білім алушының академиялық кезең барысында алтасына аудиториялық байланыс жұмысындағы 1 академиялық сағатқа тен. Дәрістік, практикалық және студиялық сабактардың әр академиялық сағаты міндетті түрде 2 сағат (100 минут) студенттің өзіндік жұмысымен жалғасады (СӘЖ), магистратурада 4 сағат магистранттың өзіндік жұмысымен жалғасады (МӘЖ), докторантурада 6 сағат (300 минут) докторанттың өзіндік жұмысымен (ДӘЖ) жалғасын табады.

10) Тіркеу бөлімі – білім алушының барлық оқудағы жетістіктері тарихын тіркеумен айналысатын, білімнің барлық бақылау түрлерін үйімдастыруды қамтамасыз ететін және олардың академиялық рейтингін есептейтін қызмет орны.

11) Постреквизиттер - қазіргі кезде оқып үйреніп жатқан пәннен алатын білім мен дағды қажет болатын пәндердің тізімі.

12) Пререквизиттер - оқытылатын пәнге қажетті білім мен дағдыны қалыптастыратын

пәндер тізімі.

13) Пән бағдарламасы – оқытылатын пәннің мақсаты мен міндеттерін, оның қысқаша мазмұнын, әр сабактың тақырыбы мен жалғасымдылығын, өзіндік жұмыс тапсырмаларын, әдебиеттер тізімін, кеңес беру уақытын, білім алушының білімін модульдік-рейтингтік тексеру кестесін, оқытушының талаптарын, бағалау ережелері мен критерилерін сипаттайтын оқу бағдарламасы.

14) Білім алушының өзіндік жұмысы (БАӘЖ) – оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз етілген, тест, бақылау жұмысы, коллоквиум, реферат, шығарма және есеп түрінде бақыланатын өз бетінше оқып үйренуге арналған тақырыптар тізімі; білім алушылардың категорияларына байланысты оларды студент өзіндік жұмысы (СӘЖ), магистрант өзіндік жұмысы (МӘЖ), докторант өзіндік жұмысы (ДӘЖ) деп бөлеміз.

15) Оқытушының жетекшілігімен жасалатын студенттің өзіндік жұмысы (ОЖСӘЖ) – кестеде көрсетілген оқытушының басшылығымен жасалынатын білім алушы өзіндік жұмысы; білім алушылардың категорияларына байланысты ол оқытушының жетекшілігімен жасалынатын студент өзіндік жұмысы (ОЖСӘЖ) және оқытушының жетекшілігімен жасалынатын магистрант өзіндік жұмысы (ОЖМӘЖ) деп бөлінеді.

16) Транскрипт – білім алушың белгілі бір кезеңінде менгеріліетін пәндердің тізімі бар кредитті көрсетілген әріптік және сандық белгілермен бағасы көрсетілген қалыптасқан формадағы құжат.

17) Тьютор - білім алушыға пәнді оқытушымен оқып үйренуіне көмектесетін тұлға.

18) Үлгерімді ағымдық бақылау – білім алушыны оқытушы тарарапынан әр тақырып бойынша және/немесе оқу пәнінің бөлімдері бойынша оқу жетістіктерінің жүйелі түрде бақылануы.

19) Эдвайзер - белгілі бір білім бағдарламасында білім алушыға академиялық тәлімгер қызыметін көрсететін оқытуши, ол білім алу траекториясын таңдауға (жеке оқу жоспарын құруға) және оқу кезеңі барысында білім беру бағдарламасын менгеруге көмектеседі.

20) Элективті пәндер - таңдау пәндері қатарына кіретін білім беру үйимы бекітетін оқу пәндерінің (пән бойынша курстардың) тізімі. Қарастырылған кредиттер шенберінде солардың ішінен бірнешесін таңдау арқылы білім алушылар жеке оқу жоспарларын жасайды.

ЖОО-ДА ОҚУ ҮДЕРІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ АҚПАРАТ

1. Оқу үрдісін ұйымдастыру «ОҚМА» АҚ академиялық саясатына сәйкес жүзеге асырылады.
2. Бір оқу жылы аясында оқу процесін ұйымдастыру «ОҚМА» АҚ Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітілген академиялық күнтізбе негізінде жүзеге асырылады.
3. Академиялық күнтізбенде оқу сессиялары, аралық және қорытынды аттестация, оқу жылындағы көсіптік практика және оқу жұмысының басқа түрлері, демалыс күндері (демалыс және мереке күндері) көрсетіледі.
4. Әр академиялық кезең студенттерді аралық аттестаттау кезеңімен аяқталады.
5. Көсіптік практика білім алушының оқу жұмысының міндетті түрі болып табылады.
- Көсіптік практиканың негізгі түрлері оқу, өндірістік және дипломалды практикалар болып табылады.
6. Көсіби тәжірибелі нәтижелері аралық аттестаттау нәтижелерін шығару кезінде ескеріледі.
7. Практиканың ұзақтығы 30 сағатқа тең апта ішінде (5 күндік жұмыс аптасында құніне 6 сағат) практикадағы студенттің нормативтік жұмыс уақытына қарай аптамен анықталады.
8. Білім алушылардың қосымша білім алуға, академиялық қарыздарын немесе оқу жоспарларындағы айырмашылықтарын жоюға, басқа білім беру үйымдарындағы оқу пәндерін оқуға және кредиттерді менгеруге, өзі оқытын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйимында міндетті түрде қайта сынақ тапсыруға, орташа үлгерім балын көтеруге (GPA), арасында немесе қосымша білім беру бағдарламасын, оның ішінде екі дипломдық білім беру шенберіндегі білім беру бағдарламасын игеруге деген қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ұзақтығы кемінде 6 апта жазғы семестрді енгізуге рұқсат етіледі (бітіруші курсы қоспағанда).
9. Оқу жұмысы көлемін жоспарлаған кезде бір академиялық кредит оның барлық түрлері үшін 30 академиялық сағатқа тең болатыны негізге алынады. Оқу жұмысының барлық түрлері бойынша бір академиялық сағат 50 минутқа тең.
10. Бір қазақстандық академиялық кредиттің еңбек сыйымдылығы (30 академиялық сағат) ECTS-тің 1 кредиттіне (25-30 академиялық сағат) сәйкес келеді.
11. Оқытудың кредиттік технологиясында білім алушының өзіндік жұмысы екі бөлімге бөлінеді: оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін өзіндік жұмысқа (ОБӘЖ) және толық өзі орындайтын жұмыс (БӘЖ). БӘЖ-нің бүкіл көлемі білім алушыдан күнделікті өзіндік жұмысты талап ететін тапсырмалармен расталады.
12. Білім алушының оқытушымен байланыс жұмысының арасындағы уақыт арақатынасы және оқу қызыметінің барлық түрлері 70% БӘЖ, 30% ОБӘЖ құрайды. Әр пән 1 академиялық кезеңде оқытылып, қорытынды бақылаумен аяқталады.
13. Білім алушылардың оқу пәндеріне (Enrollment) жазылуын тіркеу офисі ұйымдастырады. Бұл ретте студенттермен ұйымдастыру-әдістемелік және консультация беру жұмыстарын жүргізу

ұшын білімалушыларды қолдау қызметі мен әдвайзерлер тартылады.

14. Білім алушы жеке оқу траекториясын анықтау кезінде жоғары оқу орны компоненті және таңдау компоненті шеңберінде:

1) негізгі білім беру бағдарламасы бойынша пәндерді;

2) қосымша білім беру бағдарламасы бойынша пәндерді таңдайды.

15. Оқу пәндеріне жазылу процесінде білім алушы өзінің жеке оқу жоспарларын қалыптастырады. Бұл ретте олар:

1) оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін үйлемдастыру қағидаларымен танысады;

2) оқу пәндеріне тіркеудің және жеке оқу жоспарларына өзгерістер енгізу дің белгіленген мерзімдерін сақтайды;

3) игерілген пререквизиттерді ескере отырып, пәндерге жазылады.

16. Білім алушылардың оқу жетістіктері (білімі, іскерліктері, дағдылары мен құзыреттері) халықаралық практикада қабылданған цифрлық эквиваленті бар әріптік жүйеге және дәстүрлі жүйедегі бағаларға сәйкес келетін 100 балдық шкала бойынша (оң бағалар «A»-дан «D»-ға дейін азаю арқылы және

«қаанағаттанарлықсыз» - «FX», «F») балдармен бағаланады.

«FX» белгісіне сәйкес келетін «қаанағаттанарлықсыз» баға алған жағдайда, білім алушы оқу пәнінің/модулдің бағдарламасын қайта өтпей-ақ қорытынды бақылауды қайта тапсыру мүмкіндігіне ие. «F» белгісіне сәйкес келетін «қаанағаттанарлықсыз» баға алған жағдайда, білім алушы осы оқу пәнінің/модулінде қайта жазылады, оқу сабактарының барлық түрлеріне қатысады, бағдарламаға сәйкес оқу жұмысының барлық түрлерін орындауды және қорытынды бақылауды қайта тапсырады. Білім алушы аралық аттестаттау кезінде оқу пәні (модуль) бойынша емтиханды бір реттен артық емес қайта тапсыруға жол беріледі.

Транскрипте білім алушы игерін барлық оқу пәндері және (немесе) қорытынды бақылау (емтихан) бойынша барлық алынған бағалар, оның ішінде «қаанағаттанарлықсыз» бағаға сәйкес келетін FX немесе F бағалары міндетті түрде жазылады.

17. Білім алушыға оқу пәндері (модульдер) және оқу жұмысының басқа түрлері бойынша, сондай-ақ білім бағдарламалары мен ғарнірілген соң академиялық кредиттер беру олардың қол жеткізген оқу нәтижелері оң бағаланған жағдайда жүзеге асырылады.

18. Білім алушының алдыңғы оқу деңгейлерінде және формальды білім берудің басқа үйлемдарында қол жеткізген оқу нәтижелері мен алған оң бағаларын жоғары оқу орны академиялық кредиттерді қайта санау арқылы дербес таниды.

19. Ауыстыру, қайта қабылдау кезінде қол жеткізілген оқу нәтижелері, білім алушының оң бағалары академиялық кредиттерді бір білім бағдарламасынан екіншісіне, бір білім беру үйлемнан екінші білім беру үйлемінде ауыстыру арқылы танылады.

20. Барлық академиялық кредиттер және білім алушының формальды және формальды емес білім берудегі алған оқу нәтижелері бүкіл өмір бойы жиналады.

ЖОО ШІШІНДЕГІ ТӘРТІП ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТ, БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРИ

Студент құқықтары:

- білім бағдарламаларының жалпыға міндетті стандарттар аумағында білім алу;
- жеке траектория аумағында білім алу;
- қосымша білім беру қызметтерін пайдалану;
- қайта қабылдану, бір білім бағдарламасынан басқасына заңмен белгіленген тәртіп бойынша ауысу;
- ОҚМА-ның техникалық орталықтары және кітапхананың ақпарат қорларын тегін пайдалану;
- оқытын пәндер бойынша силлабустарды тегін пайдалану;
- жеке көзқарасы мен пікірлерін еркін білдіру;
- Мемлекеттік грант бойынша білім алатын студенттер ҚР Үкіметі бекіткен стипендиялуда үміттеноу

Студент міндеттері:

- таңдаған бағыттың тәжірибелік дағдылары мен теориялық білімдерін мемлекеттік білім стандарттарына сәйкес толық игеру;
- құнделікті сабакта қатысу; сабакта сырқат себебімен қатыспаған жағдайда уақытылынықтама ұсыну; сабакта кешікпеу;
- оқу-әдістемелік әдебиет және мұлікке ұқыптылықпен қарау;
- ОҚМА Жарғысын, ішкі тәртіп ережелерін және білім қызметтерін көрсетудің келісім-шарты талаптарын орындау;
- мұқият және міндетті болу;
- курсастар мен оқытушыларға тілекtes болу.

ОҚМА міндеттерді орындаған студенттерге тәртіптік шара қолдануға құқылы.



Аралық және қорытынды аттестациясы кезіндегі компьютерлік сұныптарда білім алушылар келесі талаптарды орындауы тиіс:

Емтиханға келген кезде білім алушылар өзімен бірге жеке басын күеландыратын құжаты немесе студенттік билеті/синақ кітапшасы болуы тиіс.

Емтихан өткізу кезінде тыйым салынады:

- емтихан алушының рұқсатынсыз компьютерлік сұныптан шығу;
- орнынан орын ауыстыру;
- шпаргалка енгізу және пайдалану;
- оқу әдебиетін енгізу және пайдалану;
- ұялы байланыс құралдарын енгізу және пайдалану;
- бір-бірімен және емтихан қабылдаушымен сөйлесуге (оператормен техникалық мәселелер бойынша сөйлесуге рұқсат етіледі);
- құжаттарды қолдан жасау (студенттік билет және синақ кітапшасы);
- басқа тестіленушінің орнына кіру және емтихан тапсыру.

Аталған талаптар сақталмаған жағдайда білім алушы сұныптан шығарылады, тестілеу нәтижелері акт толтырылып, жойылады. Емтихан-синақ тізбегіне "қанағаттанарлықсыз" ("F", "0") бағасы қойылады. Тестілеу нәтижелерін жою актісі тіркеу оғисінің арнайы журналында тіркеледі және білім алушының жеке ісіне тігіледі.

СТУДЕНТТЕРДІ ОҚУ ПӘНДЕРІНЕ ТІРКЕУ ТӘРТІБІ

1. Элективті пәндер каталогы негізінде білім бағдарламаларына студенттерді тіркеу Тіркеуші Офисімен ұйымдастырылады (деканат, кафедралар, әдвайзерлер көмегімен).
2. Элективті пәндер каталогы негізінде білім бағдарламалары бекітілген соң Тіркеуші Офисі студенттер үшін презентациялар ұйымдастырады (деканат, кафедралар, әдвайзерлер, тьюторлар қатысуымен).
3. Ұйымдастыру-әдістемелік және консультациялық жұмыстарды жүргізу үшін әдвайзерлер қатыстырылады. Әдвайзерлер тізімі тәжірибелі және коммуникативті доктор/кандидат ғылыми дәрежелері бар қызметкерлерден құрылады.
4. Білім бағдарламаларына тіркеу конкурс негізінде үлгерім баллы ескеріліп жүргізіледі.
5. Білім бағдарламаларына тіркеу 1-30 наурыз аралығында жүргізіледі.
6. Егер белгіленген мерзім 31 наурызға дейін 10 студенттен кем жазылса білім бағдарламасы жұмыс оқу жоспарына енгізілмейді.
7. Студентті оқу пәндеріне мерзімнен кеш тіркеу егер белгілі себептері болса рұқсат етіледі.
8. Студенттердің білім бағдарламаларына тіркелу нәтижелері негізінде деканат академиялық лектер және топтар құрайды.
9. Академиялық лектер және топтар пәндерге жазылған студенттердің жеткілікті саны принципі бойынша құрылады.
- 10.Пәндерге тіркелу үшін бекітілген формадағы өтініштер толтырылады (аты-жөні, тобы, білім бағдарламасы, оқу жылы, студенттің қолы). Таңдаған білім бағдарламасы көрсетіледі.

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ АҒЫМДЫҚ, АРАЛЫҚ, ҚОРЫТЫНДЫБАҚЫЛАУЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТАСЫРУ ТӘРТІБІ

Ағымдағы, аралық және қорытынды бақылауды ұйымдастыру тәртібі ОҚМА АҚ академиялық саясатымен регламенттеледі.

Бағалау жүйесі шеңберінде бақылаудың мынадай түрлери пайдаланылады:

- білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды оқытушы академиялық кезең ішінде кестеге сәйкес аудиториялық және аудиториядан тыс сабактарда жүргізеді;
- аралық бақылау әрбір оқу пәні бойынша бір семестр ішінде кемінде екі рет өткізіледі;
- қорытынды бақылау пәнди оқу аяқталғаннан кейін өткізілетін емтихан түрінде жүзеге асырылады.



Білім алушының қорытынды бағасын есептеу мысалы:

АБ 1 – 80 балл

АБ 2 - 90 балл

$$\text{АБ орт.} = \frac{80+90}{2} = 85 \text{ балл}$$

Ағымдық бақылаудың арифметикалық орташа бағасы
(тәжірибелік және зертханалық сабактар) – 80 балл

СӨЖ 1 - 75 балл

СӨЖ 2 - 85 балл

СӨЖ N... – СӨЖ саны

$$\text{СӨЖ орташа бағасы} = \frac{75 + 85 + N...}{2 + N...} = 80 \text{ балл}$$

Айып баллдары:

Мысалы, білім алушы 2 дәріске және 1 ОСӨЖ сабағына қатыспады:

2 дәріске қатыспағаны үшін айып баллы = $1,0 \times 2 = 2$ балл

1 ОСӨЖ сабағына қатыспағаны үшін айып баллы = $2,0 \times 1 = 2$ балл

СӨЖ және айып баллдары ескерілген ағымдық бақылаудың орташа бағасы:

Ағ.Б орт.* =

$$\text{Ағ.Б орт.} + \text{СӨЖ орт.} - \text{Кдәріс} - \text{Косөж} = \frac{80 + 80}{2} = \frac{160}{2} = 80 - 2 - 2 = 76$$

Рейтинг (60%) = АБ орт. \times 0,2 + Ағ.Б орт. \times 0,4 =

$$85 \times 0,2 + 76 \times 0,4 = 17 + 30,4 = 47,4 \text{ балл}$$

Қорытынды бақылау (40%), мысалы, білім алушы 50 сұрақтың 45-іне дұрыс жауап берді (90%),
90 \times 0,4 = 36 балл

Қорытынды баға (100%) =

$$1) \text{Р} (60\%) + \text{ҚБ} (40\%) = 47,4 + 36 = 83,4 \text{ балл}$$

$$2) \text{АБ орт.} \times 0,2 + \text{Ағ.Б орт.} \times 0,4 + \text{ҚБ} \times 0,4 =$$

$$85 \times 0,2 + 76 \times 0,4 + 90 \times 0,4 = 17 + 30,4 + 36 = 83,4 \text{ балл}$$

Ескерту:

- Айып баллдары ағымдық бақылаудың орташа бағасынан шегеріледі; ынталандыру баллдары ағымдық бақылаудың орташа баллдарына қосылады

- Айып және ынталандыру баллдары кафедра саясатына сәйкес ескеріледі

АБ орт. – аралық бақылаулардың орташа бағасы

Ағ.Б орт. – ағымдық бақылаудың орташа бағасы

ҚБ – қорытынды бақылау бағасы

АБ 1 - ағымдық бақылау 1

АБ 2 - ағымдық бақылау 2

Р – рейтинг

Ағ.Б орт*. – СӨЖ және айып баллдары ескерілген ағымдық бақылаудың орташа бағасы

Кдәріс – жиберілген 1 дәріс коэффициенті (1,0)

Косөж – жиберілген ОСӨЖ сабағының коэффициенті (2,0)

Білім алушыны курстан курсқа көшіру үшін жоғары оқу орны өту балын (GPA) өзі анықтайды.

Өту балы (ұлгерімнің орта балы) (Grade Point Average - GPA) – білім алушының таңдалған бағдарлама бойынша бір оқу жылындағы білім жетістігі деңгейінің орташа бағасы (білім алу кезеңі ағымындағы кредит жиынтығының пән бойынша аралық аттестация баллдарының сандық эквивалентіне қатынасы).

Рейтинг – үйлестірілген оқу жылындағы балл түрінде көрініс тапқан бағасы. Рейтинг студенттің жыл бойына қатысқан әртүрлі жұмыстары үшін алған балдарымен анықталған білім сапасының жалпылама көрсеткіші ретінде болады.

ОҚМА-да студенттің рейтингі 100 балдық шкаласынан анықталады. Студенттер бақылаудың әр деңгейінде алған балдары бағдарламалық материалды игеру деңгейіне байланысты тәмемделдегідей бөлінуі мүмкін.

Әріптік жүйе бойынша бағалу	Балл	%-дың көрсеткіш	Дәстүрлі жүйедегі баға
A	4,0	95-100	өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	жетекші
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	жетекші
D-	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

GPA есебі келесі үлгі бойынша жүзеге асырылады:

$$\text{GPA} = \frac{(\text{кредит 1} \times \text{балл 1}) + (\text{кредит 2} \times \text{балл 2}) + (\text{кредит n} \times \text{балл n})}{\text{кредит 1} + \text{кредит 2} + \text{кредит n}}$$

Мысалы: оқу жылында студент клесі нәтиже көрсетті:

Пән	Баға	Балл	Кредиттер
1	A	4,0	3
2	B	3,0	3
3	D	1,0	3
4	C	2,0	3
5	B	3,0	2
6	A	4,0	3

GPA 2,8-ге тең:

$$\text{GPA} = \frac{(3 \times 4,0) + (3 \times 3,0) + (3 \times 1,0) + (3 \times 2,0) + (2 \times 3,0) + (3,0 \times 4,0)}{3 + 3 + 3 + 3 + 2 + 3}$$

ОКМА Фылыми Кеңесінің шешімі бойынша курстан курсқа өту балы төмендегідей:

Медицина факультеті:

№	ББ атаяу	Курс	GPA өту балы
1	"Жалпы медицина" "Педиатрия" "Стоматология"	1-ші курстан 2-ші курсқа: 2-ші курстан 3-ші курсқа: 3-ші курстан 4-ші курсқа: 4-ші курстан 5-ші курсқа:	2,4 2,5 2,55 2,6
2	"Жалпы медицина" шетел студенттері үшін	1-ші курстан 2-ші курсқа: 2-ші курстан 3-ші курсқа: 3-ші курстан 4-ші курсқа: 4-ші курстан 5-ші курсқа:	2,2 2,25 2,3 2,35
3	"Мейіргер ici" "Қоғамдық денсаулық"	1-ші курстан 2-ші курсқа: 2-ші курстан 3-ші курсқа: 3-ші курстан 4-ші курсқа:	2,3 2,4 2,5

Факультет фармации:

№	ББ атаяу	Курс	GPA өту балы
1	«Фармация»	1-ші курстан 2-ші курсқа: 2-ші курстан 3-ші курсқа: 3-ші курстан 4-ші курсқа: 4-ші курстан 5-ші курсқа:	2,3 2,4 2,5 2,6
2	«Фармация» (сокращенная ОП)	1-ші курстан 2-ші курсқа: 2-ші курстан 3-ші курсқа:	2,3 2,4
3	«Технология фармацевтического производства»	1-ші курстан 2-ші курсқа: 2-ші курстан 3-ші курсқа: 3-ші курстан 4-ші курсқа:	2,3 2,4 2,5

Интернатура және бітіруші тұлектерді жұмысқа орналастыру бөлімі:

6-шы курстан 7-ші курсқа - В- 2,8 75-79%

Студенттердің білім алудының соңғы кезеңі – бітірушілердің кәсіби жағдайын анықтау мақсатында жүргізілетін қорытынды мемлекеттік аттестация.

B086-«Жалпы медицина» - «Жалпы медицина бакалавры» (білім алу мерзімі: 5 жыл) академиялық дәрежесі және «Жалпы тәжірибелік дәрігер» біліктілігі бойынша (білім алу мерзімі 5+2 жыл) білім бағдарламасын бітірушілерге жоғары білімді білікті дәрігер дипломы және интернатурада дайындықтан өткені туралы күәлік беріледі.

B087-«Стоматология»- «Стоматология бакалавры» (білім алу мерзімі: 5 жыл) академиялық дәрежесі және «Жалпы тәжірибелік стоматолог-дәрігер» біліктілігі бойынша (білім алу мерзімі 5+1 жыл) білім бағдарламасын бітірушілерге жоғары білімді білікті дәрігер дипломы және интернатурада дайындықтан өткені туралы күәлік беріледі.

B088-«Педиатрия»- «Педиатрия бакалавры» (білім алу мерзімі: 5 жыл) академиялық дәрежесі және «Педиатрия дәрігері» біліктілігі бойынша (білім алу мерзімі 5+2 жыл) білім бағдарламасын бітірушілерге жоғары білімді білікті дәрігер дипломы және интернатурада дайындықтан өткені туралы күәлік беріледі.

B084-«Мейіргер ici» білім бағдарламасын бойынша бітірушілерге «денсаулық сақтау бакалавры» академиялық дәрежесі тағайындалып, жоғары білім дипломы беріледі. «Мейіргер ici» білім бағдарламасы бойынша денсаулық сақтау бакалавры мынадай лауазымдарды атқара алады: бас мейіргер (директордың мейіргер ici бойынша орынбасары); аға мейіргер/мейірие (аға фельдшер, аға акушер; участке мейіргері (мейірие)/жалпы практика мейіргері (мейірие); мейіргер (мейірие) мамандандырылған; акушер(ка); диеталық мейіргер және т.б.

B089-«Қоғамдық денсаулық сақтау» білім бағдарламасын бітірушілерге «денсаулық сақтау бакалавры» академиялық дәрежесі тағайындалып, жоғары білім дипломы беріледі. «Қоғамдық денсаулық сақтау» білім бағдарламасы бойынша денсаулық сақтау бакалавры мынадай лауазымдарды атқара алады: денсаулық сақтау менеджері (медициналық қызметтер сапасы бойынша, медициналық қызмет көрсетуді үйімдастыру және әдіснамасы бойынша), денсаулық сақтау саласында персоналмен жұмыс істеу жөніндегі менеджмент), қоғамдық денсаулық сақтау маманы (валеолог,

статистик, әдіскер), денсаулық сақтау үйымының құрылымдық бөлімінің жетекшісі, денсаулық сақтау үйымы басшысының орынбасары

B085-«Фармация» білім бағдарламасын бітірушілерге **«Фармация бакалавры»** академиялық дәрежесімен жоғарғы білім дипломы беріледі. Бакалавриатта оқуын аяқтаған бітіруші өзіндік тәжірибелік қызметке фармацевт есебінде жіберіледі.

«Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» білім бағдарламасын бітірушілерге **«техника және технология бакалавры»** академиялық дәрежесімен жоғарғы білім дипломы беріледі. Бітірушілер келесі қызметтер атқара алады: технолог; химик-технолог; фармацевтикалық өндіріс маркетологы; фармацевтикалық өндіріс менеджері; мастер-технолог; жоғары оқу орны кафедраларының маманы, орта оқу орындарының оқытушысы.



СТУДЕНТТЕРДІ АУЫСТЫРУ, ҚАЙТА ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ОҚУДАН ШЫҒАРУ ТӘРТІБІ ЖӨНІНДЕГІ МӘЛІМЕТЕР

1. Курстан курсқа өту үшін студент міндетті түрде ЖОО бекіткен өту баллын (GPA) жинауы тиіс.
2. ЖОО-на ауысу немесе қайта қабылдану үшін студент міндетті түрде бірінші академиялық кезеңді толық бітіруі және жеке оқу жоспарын орындауы тиіс.
3. Пән айырмашылықтарын анықтағанда бақылау түрі ескерілмейді.
4. Бір білім бағдарламасынан басқа білім бағдарламасына, бір оқу түрінен басқа оқу түріне ауысу ақылы негізде жүргізіледі.
5. Ақылы негізде білім алушы оқу ақысын төлемегендіктен оқудан шығарылса, қарызын өтеген соң, оқудан шығарылған мерзімнен бастап 4 апта көлемінде қайта қабылдануға құқылы.
6. Қайта қабылдану, пән айырмашылықтарын жою ақылы негізде жүргізіледі.
7. Студенттің академиядан шығарылу себептері:
 - 1) белгілі себептермен:
 - өз еркімен;
 - денсаулығына байланысты;
 - басқа ЖОО-на ауысуына байланысты;
 - әскери қызметке шақырылуына байланысты.
 - 2) белгісіз себептермен:
 - өту баллын (GPA) жинамаса;
 - академия Жарғысында, ішкі тәртіп ережелерінде және жатақханада түру ережелерінде көрсетілген міндеттерді бұзғанда.
 - 3) қорытынды мемлекеттік аттестацияға жіберілмегендеге (курсты ақылы негізде қайта оқу құқығы сақталады);
 - 4) академияны бітіргенде;
 - 5) келісім шартта көрсетілген мерзімде оқу ақысын төлемегендеге;
 - 6) бостандығын шектеу немесе бостандығынан айыру түріндегі қылмыстық жазаның заңдық күшіне енуіне байланысты;
 - 7) қайтыс болуына байланысты.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӨНІНДЕ МӘЛІМЕТЕР

Білім алушының өзіндік жұмысы – тест, бақылау жұмыстары, коллоквиум, реферат, шығарма және есеп түрінде бақыланатын, оқу-әдістемелік әдебиетпен және нұсқаулармен қамтамасыз етілген, өз бетінше оқуға арналған тақырыптардың белгілі тізімі бойынша жасалатын жұмыс.

Өзіндік жұмысты жүзеге асыруға арналған алғышарттар мен жағдайларды тудыратын шараларды орындау барысында әр студент төменде көрсетілгендермен қамтамасыз етілуі тиіс:

- Ақпараттық ресурстармен (анықтамалар, оқу құралдары, жеке тапсырмалар банктері, үйрету бағдарламалары, қолданбалы бағдарламалар пакеттері т.б.);
- Әдістемелік материалмен (нұсқаулар, басшылық алынатын нұсқаулар, практикумдар, жұмыс дәптерлері және т.б.);
- Бақылау материалымен (тестілер, ситуациялық тапсырмалар);
- Материалдық ресурстармен (зертханалық, өлшегіш құралдар т.б.);
- Уақыт ресурстарымен;
- Кеңес берумен;
- Білім алудың жеке траекториясын таңдау мүмкіншілігімен (таңдау пәндері арқылы білім алу бағдарламалары);
- Студенттің өз бетінше алған теориялық және/немесе тәжірибелік нәтижелерді көпшілік алдында талқылау мүмкіншілігімен (конференциялар, олимпиадалар, конкурстар).

Әзіндік жұмыс барысында студент:

- оқып жатқан пән бойынша материалдарды теориялық түрғыдан менгереді (СӨЖ тақырыбы, тақырып бойынша жеке сұрақтар, жеке ережелер т.б.);
- теориялық білім материалдарынан қажетті көрнекіліктермен тәжірибелік жолмен бекіту (ситуациялық жағдайды шешу, бақылау жұмысын орындау, өзін-өзі тексеру үшін тест алу);
- алған білімі мен тәжірибелік дағдысын, жағдайды сараптау және дұрыс шешім қабылдау үшін пайдалану (топтық дискуссияға даярлау, іскерлік ойындар шенберінде дайындалған жұмыс, «кейс-стади», нақты жағдайдың жазбаша сараптамасы, жобалар даярлау және т.б.);
- алған білімдері мен дағдыларын әзіндік айқындаамасын, теориясын, үлгісін қалыптастыру үшін (студенттің диплом жұмыстарын, ғылыми-зерттеу жұмыстарының және т.б.) пайдалана алады.

СӨЖ орындау талаптары

Студенттің алған тапсырмасы белгіленген уақытта және толық көлемде орындалуы керек. СӨЖ аудиториядан тыс жұмыс ретінде қарастырылады, тексеру жұмыстары семинар, тәжірибелік және ОЖСӨЖ барысында жүзеге асуы мүмкін.

Тапсырманы орындау барысында:

- тақырыпты өз бетінше оқу қажет болған жағдайда оқытушымен кеңесуі;
- студенттер міндетті және қосымша әдебиеттерді, статистикалық мәліметтерді менгеруі, оларды жағдайлар мен керекті стратегияларды шешу үшін сараптай алуары керек;
- тапсырма жеке немесе топпен дайындалады.

СӨЖ түрлері:

- Реферат – А4 форматындағы, 14 TNR шрифтімен жазылған 10-12 беттен тұратын тақырыптың мазмұны немесе қысқаша баяндау. Құрылымы дәстүрлі: титул параграфы, кіріспе, негізгі бөлім, тұжырымдар, пайдаланылған әдебиеттер тізімі. Реферат топтық талқылауына түсіу мүмкін.
- Баяндама – 3-5 минутқа созылатын тақырыптың бастапқы жағдайының қысқа мазмұндамасы
- Конспект - стандартты форматтағы дәптердің 2-4 бетінен тұратын берілген тақырыптың бастапқы үйімдарымен белгіленетін қысқаша сипаттамасы
- Глоссарий – таблица түрінде келетін, берілген тақырып бойынша терминдер мен үйімдардың сөздігі
- Кейс – топтық сараптау барысында шешуді талап ететін жағдай. Жағдайды өздігінше талдайтын және оны шешу жолдарын қарастыратын топ 3-4 адамнан тұрады. Шешім нәтижесі топ болып қорытынды есептік презентациясы түрінде ұсынылады.
- Есеп – зерттеу нәтижесінде негізгі жағдайлар мен дамыту бойынша терминдер мен жазбаша және ауызша берілуі
- Презентация - ақпаратты әртүрлі техникалық құралдармен және оларсыз беру үлгілері. Ереже бойынша тың идеялар, жобалар, жұмыс түрлері және т.б. ұсынылады. Оған көркемдеу және біртұтас графикалық стильдегі мәтіндер беріледі.
- Жоба – жеке немесе топта орындалатын қажетті ақпараттардың сараптамасы және жиынтығы, ізденістері, қамтылған тақырып бойынша ізденіс.
- Пікірталас - тұжырымы шығатын тақырыптың алдын-ала дайындалған сұрақтар сараптамалары.

СӨЖ бақылау түрлері:

- Тестілеу;
- Модульдік технологиялық оқыту негізінде студенттің оқу жұмыстарының сапасын бағалау оқу үдерісінде балдық-рейтингілік жүйесіне енгізу шенберінде бақылау іс-шаралары;
- Бақылау жұмыстары мен тапсырмаларды тексеру;
- Өздігімен ізденген тақырып бойынша баяндау;
- Веерлік-экспресс сұрағы;
- Орындалған жобаның нәтижесі бойынша есеп (топтық немесе дербес және т.б.)

Оқытушы жетекшілігімен орындалатын СӨЖ

Білім алушының оқытушы жетекшілігімен орындалатын өзіндік жұмысы (әрі қарай ОЖСӨЖ) – ОЖСӨЖ. Студенттің аудиториядан тыс, орындастын жұмысы түріне жатады. Оқытушымен байланыста, жалпы сабак қестесіне кірмейтін арналы кесте бойынша орындалады. Жұмыстың жалпы талап ететін тапсырмаларымен бекітілу керек. ОЖСӨЖ сағаттарына үй тапсырмаларын курстық жобалар (жұмыстар) семестрлік және бақылау жұмыстары, есептер және басқа СӨЖ түрлерін орындау бойынша кеңестер кіреді. ОЖСӨЖ білім алушының кітаппен және бастапқы көзімен, топтық тапсырмалардың, дербес аналитикалық шығармашылығының қоылған тапсырма шеңберінде орындалуын болжайды. ОЖСӨЖ толық сипаттамасы пән бойынша силлабуста қамтылады. ОЖСӨЖ әр пән бойынша бүкіл академиялық кезеңде аудиториялар мен тьюторлар, уақыттар, мерзімдері көрсетілген. Кестеге сәйкес жүргізіледі. ОЖСӨЖ шеңберіндегі сабактар білім алушының дайындық деңгейімен, оны игеруге кететін аудиториялық сағат көлемімен, оқытушының курстық қызындық деңгейіне қатысты анықталатын интерактивті және кеңес беру түрінде болуы мүмкін. ОЖСӨЖ шеңберіндегі сабактар сонымен қатар ағымдық рейтингісі төмен, қосымша кеңес алғысы келетін, пән бойынша тапсырмалар орындауда қиналатын білім алушыларға арналған. Тьютор білім алушының ағымдағы рейтингісін басшылықта ала отырып, ОЖСӨЖ шеңберіндегі сабакта қатысуышылардың құрамын анықтап отыруы тиіс. ОЖСӨЖ – оқу сабактары сұхбаттасу түрінде өтетіндіктен, мысалы, тренинг, пікірталас, іскерлік және дидактикалық ойындар, презентация, кейс құрастыру, дербес, топтық жобалар даярлау және т.б., бұл студент пән оқытушының бірлескен жұмысы. Эрбір СӨЖ қандай да бір сұрақты шешуге, дамытуға, жағдаятты талдау дағдыларын даярлау, тапсырмаларды шешуге ықпал ететін материалдар дайындалуы керек. ОЖСӨЖ келесі қызметтерді атқарады: кеңес беру және бақылаушы.

ОЖСӨЖ кеңес беру қызметі:

- пәннің әр тақырыбы бойынша студенттің өзіндік жұмысына көмек көрсету
- студентке бағдарламалық материалды менгеру үшін қажетті жұмыс әдістерін таңдауда көмек көрсету;
- оқу материалдарын бекіту үшін тәжірибелік тапсырмаларды орындауда, студент үшін қыын тақырыпты қайта түсіндіру мүмкіндігін жасау;
- студенттің өзіндік жұмысын ғылыми деңгейіне көмектесу;

ОЖСӨЖ бақылау қызметі:

СӨЖ орындауда және студенттің бақылау барысында және ағымдық, шектік және түйіндік есебінің білімін бағалауда студенттің оқуға деген ынталыны арттыру үшін жүзеге асырылады.

Студент ОЖСӨЖ барысында бақылау, семестрлік және курстық жұмыстарды орындауда тапсырмалар алады, тьютормен кеңеседі және бағаланады (ағымдық және рейтинглік бақылау).

ЖОО-ДАҒЫ МАТЕРИАЛДЫҚ ЖӘНЕ АҚПАРATTЫҚ ҚОРДЫ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Академия кафедраларының қажетті деңгейдегі материалдық-техникалық жабдықтары оқу үдерісін қамтамасыз етеді. Бакалаврларды дайындастын барлық кафедраларда оқытушының техникалық құралдары (компьютерлер, мультимедиялық проекторлар, интерактивті тақталар, т.б.) және көрнекі құралдар бар, тілдер кафедралары лингафон кабинеттерімен жабдықталған. Бірқатар кафедраларда биохимиялық, морфологиялық, микробиологиялық, физиологиялық және гигиеналық лабораторияларға арналған заманауи жабдықтар бар. Оқу зертханаларындағы жұмыс студенттерге практикалық дағдыларының белгілі деңгейіне жетуге мүмкіндік жасайды.

Зертханалардың негізгі міндеттері:

- білім бағдарламаларының мемлекеттік білім беру стандарттарына, оқу жұмыс бағдарламаларына, оқу-әдістемелік жұмыс бағдарламаларына, оқу-әдістемелік жұмыс жоспарларына және басқа құжаттарға сай ЖОО-ның жарғы қызметінің, сапалық білім беру үдерісінің және басқа үдерістердің қамтамасыз етілуі;
- академияның профессор-оқытушылар құрамына, студенттерге кеңес беру, оқу-әдістемелік көмектің көрсетілуі.

Оқу процесінде академияның материалдық қорларын пайдалану барысында студенттер «Әрт қауіпсіздігі шаралары бойынша нұсқауды», «Техника қауіпсіздігі бойынша нұсқауды» және «Академияның ішкі тәртіп ережелерін» сақтауы тиіс.

Ақпараттың негізгі түпдеректерінің бірі болып кітапханалық-ақпараттық орталық табылады.

Кітапхана компьютерлермен жабдықталған. Автоматтандырылған «Оқырман» және «Кітап беру» жұмыс орындары кітапхана оқырмандарының электрондық есебін жүргізуге, әдебиеттің беруін және қабылдауын жүргізуге мүмкіндік береді.

Әдебиетті жүйелендіру үшін УДК-ның электрондық нұсқасы қолданылады.

Жатақхананың оқу залында Интернет ресурстарына автоматтандырылған жұмыс орындарынан кіруге болады.

Кітапхананың электрондық оқу залы интернетке қосылған компьютерлермен, видеодвойкамен, принтермен, ксерокспен, сканермен жабдықталған.

Анықтамалық-іздеу аппараты кітапхана қорының барлығын ашатын каталогтар мен карточкалардан тұрады. Каталогтандырудың барлық үдерістері кітапханалық істің нормативтік құжаттарының талаптары негізінде орындалады.



Оқу залдарымен пайдалану ережелері:

1. Оқу залында әдебиетке тапсырыс жасағанда оқырмандар оқырман билетін көрсетеді және қажетті басылымдарды алғаннан кейін әр басылымның кітап формулярына және бақылау талонына қолын қояды.
2. Оқу залдарында берілетін кітаптар, баспаның басқа материалдарының саны шектелмейді. Бір мерзімдегі сұраныс жоғарласа, кітап саны шектелуі мүмкін.
3. Негізгі кітап қоймасынан оқу залына берілген әдебиет белгілі уақытқа броньдалуы мүмкін.
4. Оқу залдарына жеке және басқа кітапхана кітаптарымен, журналдарымен, газеттермен, баспа басылымдарының ойыстарымен, басқа баспа материалдарымен кірге рұқсат берілмейді.
5. Оқу залдарынан әдебиетті шығаруға тыым салынады.
6. Оқу әдебиетін «Абонемент» бөліміне тапсырмаған қарызы бар студенттерге қызмет көрсетілмейді.

Оқырман міндеттері:

1. Оқырмандар міндеті:
 - әдебиетті алу үшін оқырман билетін көрсетуге, кітап формулярында әр басылым үшін қолын қоюға;
 - кітаптарды, басқа басылымдарды, кітапхана материалдарын құнттап ұстауға;
 - кітапханадан алған басылымдарды көрсетілген мерзімде қайтаруға.
2. Оқырманға рұқсат етілмейді:
 - кітапханаға сыртқы киіммен келуге;
 - оқу залдарына сәмкелермен кірге;
 - кітапхана бөлімінде тыныштық пен тәртіпті бұзуға;
 - әдебиетті алу үшін біреудің құжатын пайдалануға;
 - қолды қоймай, кітапханадан кітаптарды шығаруға;
 - кітапханалық басылымдарды бұлдіруге: белгі жасау, сыйзу, парақ жырту, қайыру т.б.
 - каталогтар мен картотекалардан карточкаларды алып шығаруға;
 - рұқсатсыз қызметтік бөлмелер мен кітап қоймаларына кірге.

КӨРСЕТИЛІТІН АҚЫЛЫ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ТІЗІМІ МЕН ТӘРТІБІ

1. Оқудың төлемі ағымды оқу жылының 25 тамызына дейін жоғарғы оқу орнының тарифтеріне сай және білім беру қызметтердің ақылы көрсетілүінің келісм шартына сай жасалынады.
2. ЖОО негізгі оқу үдерісіне енгізілмеген қосымша білім беру және жалғаспалы қызметтері үшін төлемдерді белгілеуі мүмкін.
3. Қайтадан курсты өтейтін студент сессия барысында тапсырылмаған пәндердің оқытылуына ғана төлейді.
4. Жазғы семестрді өткілері келетін студенттер оқуға қосымша төлемді ОҚМА-дағы белгіленген тарифтерге сай жазғы семестрдің басталуына дейін жасайды.
5. Оқудан шығып қайтадан келген немесе басқа ЖОО-нан ауыстырылған студенттер академиялық пән айырмашылықтарды ОҚМА-ның тарифтеріне сай қосымша төлейді.
6. Академиялық қарыздарды өтеу ОҚМА-дағы бағалардың калькуляциясына сай жасалады.

СТИПЕНДИЯ ТАҒАЙЫНДАУ ТӘРТІБІ

Білім алушыларға мемлекеттік стипендияларды төлеу ҚР Үкіметінің, ҚР БФМ, ҚР ДСМ нормативтік құжаттарына және "білім туралы" ҚР Занына толық сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекеттік стипендия білім алушыларға мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша, сондай-ақ мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға ауыстырылған, емтихан сессиясының немесе білім алушыларды аралық аттестаттаудың нәтижелері бойынша "жақсы", "өте жақсы" бағаларына сәйкес келетін бағалардың баламасын алған білім алушыларға төленеді. "FX" белгісіне сәйкес келетін "қанағаттанарлықсыз" баға алған, содан кейін осы бағаларды

"жақсы" және/немесе "өте жақсы" бағасына қайта тапсырған білім алушыларға стипендия тағайындау жүргізілмейді.

Докторанттарға, резидент-дәрігерлерге мемлекеттік стипендия аралық аттестаттау (емтихан сессиясы) нәтижелеріне қарамастан барлық оқу мерзіміне барлық оқу кезеңі ішінде тағайындалады.

Көрү қабілеті нашар адамдарға және есту қабілеті нашар адамдарға, жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығының қалған және мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқытын қорғанышылтықтағы (қамқоршылықтағы) балаларға мемлекеттік стипендия растайтын құжаттар ұсынылған күннен бастап және емтихан сессиясының нәтижелері бойынша академиялық берешек болмаған кезде жоғарылату ескеріле отырып тағайындалады.

Бір оқу орнынан екінші оқу орнына ауыстырылған студенттерге, интерндерге, магистранттарға мемлекеттік стипендия алдыңғы семестрдің қорытындысы бойынша тағайындалады.

Академиялық демалыстан оралған студенттерге, интерндерге, магистранттарға мемлекеттік стипендия тағайындау білім беру бағдарламаларының оқу жоспарларындағы академиялық айырмашылық жойылғаннан кейін жүзеге асырылады.

Босаған бос мемлекеттік гранттар шеңберінде ақылы оқу негізінен мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға ауыстырылған білім алушыларға мемлекеттік стипендия тағайындау ЖОО ректорының грант бойынша оқуға ауыстыру туралы бұйрығы шыққаннан кейін жүзеге асырылады.

СТУДЕНТТИҢ АР КОДЕКСІ

Студент өз бойындағы жеке шығармашылық қабілеттерін дамытып, өзі таңдаған білім бағдарламасының кәсіби шебері болуға, Қазақстан Республикасына лайықты азамат болуға ұмтылады.

Студент үлкендерге құрметпен қарайды, өз ортасына қарым-қатынас кезінде дөрекілік танытпайды және әлеуметтік қорғалмаған адамдарға жаңашырлық көрсетіп, мүмкіндігінше қамқор болады.

Студент парасаттылықтың, мәдениет пен адамгершіліктің үлгісі, әдепсіздікке және жыныстық, ұлттық, діни білулермен шектеулерге жол бермейді.

Студент салауатты өмір салтын ұстанып, зиянды әдептерден аулақ болады.

Студент жоғарғы оқу орнының дәстүрлерін құрметтейді, оның мүліктерін қорғап, білімгерлер Үйінің тәртібі мен тазалығын қадағалайды.

Студент жоғарғы оқу орнының атағы мен мәдениетін көтеруде шығармашылық белсенделіктерін дамытуға бағытталған (ғылыми, спорттық, көркемөнер т.с.с.) барлық қажетті және пайдалы іс-әрекеттерді мойындаиды.

Студент жоғарғы оқу орнының қабырғасынан тыс уақытта, өзінің жоғарғы мектептің өкілі екенін есте ұстап, оның намысы мен жетістіктерін түсірмеуге барлық құшін жұмысады.

Студент академиялық ықылассыз іс әрекет түрлерімен күресуді өзінің парызы деп санайды, олардың қатарында: білімді бақылау кезінде басқа адамдардан көшіру және көмек сұрау; көлеміне қарамастан барлық дайын оқу материалдары: мәнжазбалар, курстық жұмыстар, бақылаулар, дипломдық және басқа да жұмыстарды, сонымен қатар өзінің жеке еңбегі нәтижесі ретінде Интернет - ресурстарын дайындау; жоғары баға алу үшін өзінің туыстық немесе қызыметтік байланыстарын қолдану; сабак кезінде серуендеу; сабактан кешігу және себепсіз оқу сағаттарын босату.

Студент болашақта Қазақстанның экономикалық, саяси және басқарушылық элитасына лайық сапалы және бәсекеге қабілетті білім алуда, жоғарыда айттылған барлық академиялық ықылассыз іс-әрекеттер үйлесімділік танытпайды деп санайды.

ОҚМА-да білім алушылардың арыз шағымдары мен қарсылықтарын қарастыру тәртібі

Дайындықтың барлық деңгейінде білім алушылар (бакалавриат студенттері, дәрігер-интерндер, магистранттар, резиденттер) осы Тәртіпке сәйкес құрылымдық бөлімшелердегі оқу үдерісі саясатына арыз шағым/қарсылық білдіруге құқылы; КР заңнамаларында қарастырылған тәртіп бойынша жоғары оқу орны басшылығының бұйрықтары мен өкімдеріне арыз шағым білдіре алады.

Білім алушылар оқу үдерісі саясатына, жоғары оқу орны басшылығының бұйрықтары мен өкімдеріне арыз шағымды екі түрлі жолмен білдіре алады: әкімшілік және сот арқылы.

Формасы бойынша арыз шағым/қарсылық жазбаша немесе ауызша түрде болуы мүмкін (мәселен деканға ескертүй).

1. Оқу үдерісі бойынша арыз шағымы бар білім алушылар факультет деканына оны (ауызша немесе жазбаша) еркін түрде жеткізеді, кемшиліктерді фактімен баяндайды (егер кемшилік болса), болған кемшиліктиң күні мен уақытын көрсетеді. Арыз шағым/қарсылықтың жазбаша түрінде студент толтырған күні мен қолын қоюы керек.

Арыз шағымның жазбаша түрі білім алушылар тобынан беріліуі де мүмкін.

Арыз беру қанай да бір уақытпен шектелмейді.

Білім алушының ауызша немесе жазбаша арыз шағымы/қарсылығы деканда/декан орынбасарында сақталатын арыз шағым/қарсылықты тіркеу журналына тіркеледі.

Арызды қарастыруың жалпы мерзімі 5 жұмыс күні ішінде жүргізіледі. Кейбір жағдайларда, қосымша тексеруді қажет ететін жағдайларды, декан тарапынан оны қарастыру мерзімі ұзартылуы мүмкін, бірақ ол 14 жұмыс күнінен аспайды.

Бұндай арыздар бойынша шешімді құрылған комиссия шығарады, оның құрамына факультет деканы, декан орынбасары, студенттік қесіподақ ұйымының төрағасы және студенттік өзін-өзі басқару ұйымының өкілі (сол кезде сабактан бос өкіл) кіреді.

Арыз шағымда/қарсылықта көрсетілген оқу үдерісіндегі кемшиліктерді тексеру комиссиясының мәжілісі және комиссияның басқа да әрекеттері хаттамаға тіркеледі («_____ факультет студенттерінің арыз шағымдары мен қарсылықтарын қарастыру бойынша комиссия хаттамасы» журналында). Комиссия шешім шығарады; комиссия мүшелері хаттамаға қол қояды.

Комиссияның шешімі мен қолданылған шарапалар білім алушылардың топтың назарына сол күні жеткізіледі.

2. Комиссияның шешіміне қанағаттанбаған білім алушылар оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысының проректорына арыз шағым/қарсылық білдіре алады (тәртіптік комиссия мәжілісінде қараша үшін).

Егер келіскеушілік комиссия өкілеттілігінің шеңберінен шығып кеткен жағдайда факультет деканының ұсынысы бойынша арыз тәртіптік комиссияда қарастырылады.

3. Заң бұзушылық немесе өкілеттілігін асыра пайдалану сипатындағы сонымен қатар азаматтардың құқықтарын шектейтін ОҚМА басшылығының бүйрықтары мен өкімдерін білім алушылар сотқа шағымдану арқылы шешуге құқылы.